--	--	--	--	--

	<p>элементтері сандарының көбейтіндісін е тең.  <math>m = n(A) \cdot n(B)</math></p> <p><b>Жиындарға қолданатын амалдардың қасиеттері:</b></p> <p>1). если <math>A \subset B</math> и <math>B \subset C</math>, то <math>A \subset C</math>                  2). если <math>A \subset B</math> и <math>B \subset A</math>, то <math>A = B</math>                  3). <math>A \cup A = A</math>,                  4). <math>A \cup \emptyset = A</math>,                  5). <math>A \cap A = A</math>,                  6). <math>A \cap \emptyset = \emptyset</math>,                  7). <math>A - A = \emptyset</math>,                  8). <math>A \cup B = B \cup A</math> (коммутативтілік)                  9). <math>A \cap B = B \cap A</math> (коммутативтілік)                  10). <math>(A \cup B) \cup C = A \cup (B \cup C)</math>                  11). <math>(A \cap B) \cap C = A \cap (B \cap C)</math>                  12). <math>A \cap (B \cup C) = (A \cap B) \cup (A \cap C)</math>                  13). <math>A \cap (B - C) = (A \cap B) - (A \cap C)</math>                  14). <math>A \cup (B \cap C) = (A \cup B) \cap (A \cup C)</math></p>			
<p><b>Оқулықпен жұмыс</b> 25 минут</p>	<p><b>1-есеп.</b> Сыныпта 16 ұл бала бар. Олардың 14-і бос уақытында футбол ойнағанды ұнатады, 9-ы шахмат ойнағанды ұнатады. Бұл ойындарға сыныптағы барлық ұл балалар қатысады. Сыныптағы</p>	<p><b>Дескриптор</b></p> <p>Айнымалыларды енгізеді</p> <p>Есептің шарты белгісіз арасында тәуелділікті орнатады</p> <p>Тендеу құрады</p> <p>Тендеулер жүйесін шешеді</p> <p>Жауапты негіздейді</p>	<p>Жұлдызша арқылы бір-бірін бағалау.</p> 	<p>Үлестірмелі қағаздар</p>

	<p>неше оқушы бос уақытында футбол ойнағанды да, шахмат ойнағанды да ұнатады?  <b>Шешуі:</b> Бос уақытында футбол ойнағанды ұнататын сыныптағы ұлдардың жиыны - А, <math>n(A)=14</math>. Бос уақытында шахмат ойнағанды ұнататын сыныптағы ұлдардың жиыны - В, <math>n(B)=9</math>.                  1) <math>14 + 9 = 23</math> - бос уақытында футбол ойнағанды ұнататын және шахмат ойнағанды ұнататын сыныптағы ұлдар саны.                  2) <math>23 - 16 = 7</math> - бос уақытында футбол</p>	<table border="1" data-bbox="678 1668 917 1962"> <tr> <td data-bbox="678 1668 917 1713" style="text-align: center;"><b>Дескриптор</b></td> </tr> <tr> <td data-bbox="678 1713 917 1803">Айнымалыларды енгізеді</td> </tr> <tr> <td data-bbox="678 1803 917 1962">Есептің шарты мен белгісіз арасындағы тәуелділікті орнатады</td> </tr> </table>	<b>Дескриптор</b>	Айнымалыларды енгізеді	Есептің шарты мен белгісіз арасындағы тәуелділікті орнатады		
<b>Дескриптор</b>							
Айнымалыларды енгізеді							
Есептің шарты мен белгісіз арасындағы тәуелділікті орнатады							

	<p>ойнағанды да, шахмат ойнағанды да ұнататын сыныптағы ұлдар саны. Сыныптағы футбол ойнағанды да, шахмат ойнағанды да ұнататын ұлдар жиыны С болсын, онда <math>n(C)=7</math>. Демек, С жиыны А және В жиындарының қиылысу жиыны, себебі мұндағы әрбір ұл бала А жиынына да, В жиынына да тиісті (ортақ). Есептің шешуі Эйлер-Венн дөңгелектері мен былай кескіндейміз.</p>	<p>Теңдеу құрады                  Теңдеулер жүйесін шешеді                  Жауапты негіздейді</p>		
--	--	--	--	--






Суретте -  
Эйлер-Венн  
дөңгелектері  
Әрбір  
элементі А  
немесе В  
жиындарыны  
ң кем дегенде  
біреуіне  
тиісті  
болатын  
жиын А және  
В  
жиындарыны  
ң бірігуі деп  
аталады.

**2-есеп.** Бір  
топтағы  
туристердің  
10-ы қазақ  
тілін біледі,  
8-і орыс тілін  
біледі,  
олардың 3-еуі  
қазақ тілін де,  
орыс тілін де  
біледі. Топта  
барлығы  
неше турист  
бар?

**Шешуі:** Бір  
топ  
туристердің

	<p>қазақ тілін білетіндердің жиыны - А; <math>n(A)=10</math>. Орыс тілін білетіндерінің жиыны - В; <math>n(B)=8</math>. 1) <math>10 + 8 = 18</math> - топ ішіндегі туристердің қазақ тілін білетіндердің және орыс тілін білетіндердің саны. 2) <math>18 - 3 = 15</math> - топ ішіндегі туристер саны. Топтағы туристер D жиынын құрайды <math>n(D)=15</math>. Демек, D жиыны өзара қиылысып тұрған А және В жиындарының бірігуі болып табылады. Есептің шешуі Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы</p>			
--	---	--	--	--

былай  
кескіндейміз.  
 $A \cup B = D$



Суретте - А  
және В  
жиындарыны  
ң бірігуі

**3-есеп**

Бір аптада  
дүкеннен 19  
адам  
телевизор  
сатып алды,  
18 адам  
мұздатқыш  
сатып алды.  
Олардың 9-ы  
мұздатқыш  
та, телевизор  
да сатып  
алды. Неше  
адам  
телевизор  
ғана атып  
алды? Неше  
адам  
мұздатқыш  
ғана сатып  
алды?

- A) 13 және 7
- B) 13 және 6
- C) 10 және 9
- D) 8 және 15

	Е) 11 және 5			
<b>Соңы</b> 5 минут	<b>Сабақты бекіту</b> <b>Рефлексия</b> Үйге тапсырма: №7.1, 7.2	Сабақты пысықтау тапсырмаларын орындау.		
Кері байланыс	<b>Рефлексия</b> 	Оқушыларға «Допты лақтыр» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.	«Допты лақтыр» әдісі	Кері байланыс парағы.

№ G00047 25.10.2021 ж




**Шамалар арасындағы тәуелділік**




**ЖАКИЕВА МАРЬЯННА МАКСУТОВНА**







Ақтау қаласы «№28 жалпы білім беретін мектеп» КММ.

Бастауыш сынып мұғалімі

<b>Мұғалімнің аты-жөні</b>		Жакиева Марьянна Максutowна				
<b>Пән/Сынып:</b>		Математика / 3-сынып				
<b>Қай аптаның нешінші сабағы</b>		7 аптаның 4-ші сабағы				
<b>Тарау немесе бөлім атауы:</b>		Көбейту және бөлу				
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>		Шамалар арасындағы тәуелділік				
<b>Оқу мақсаты:</b>		3.2.3.4. 2 – 3 амалдан тұратын есептерді шығару				
<b>Бағалау критерийі:</b>		Білемін «+», білмеймін «-» белгісін қою.				
<b>Саралап оқыту тапсырмалары</b>						
<b>Ұжымдық жұмыс</b> Жаңа тақырыптың түсіндірілуі		<b>Бірлескен жұмыс (1,2 тапсырма)</b> Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету		<b>Жеке жұмыс</b> Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы		
<b>Уақыты</b>	<b>Кезеңі</b>	<b>Тапсырма</b>		<b>Тапсырманың мақсаты</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
2 минут	Ұйымдастыру	Тақырып, мақсаттармен таныстыру		Не меңгеретінін білу үшін		Презентация № 1 бет
13 минут	Жаңа сабақ	Жаңа сабақты цифрлық ресурстар арқылы түсіндіру Кестені ауызша толтыру.		Жаңа тақырыпты меңгеру	Тапсырманы орындаған оқушыны	Презентация № 1-2 бет
		<b>Бағасы</b>	<b>Саны</b>	<b>Құны</b>		
		9 теңге	3	27		

		<table border="1"> <tr> <td></td> <td>дана</td> <td>теңг е</td> </tr> <tr> <td>5 теңге</td> <td>6 дана</td> <td>30 теңг е</td> </tr> <tr> <td>4 теңге</td> <td>6 дана</td> <td>24 теңг е</td> </tr> </table> <p>Заттың құнын білу үшін заттың бағасын оның санына көбейту керек. <math>Қ = б \cdot с</math> _____</p>  <p>Сатып алынған заттың санын білу үшін заттың құнын заттың бағасына бөлу керек. <math>с = Қ : б</math></p>  <p>Заттың бағасын білу үшін заттың құнын оның санына бөлу керек. <math>б = Қ : с</math></p> 		дана	теңг е	5 теңге	6 дана	30 теңг е	4 теңге	6 дана	24 теңг е	ауызша мадақт ау	
	дана	теңг е											
5 теңге	6 дана	30 теңг е											
4 теңге	6 дана	24 теңг е											

15 минут	Тәжірибе	<p><b>1-тапсырма</b> «Дүкен» ойыны Сен дүкенге келдің. Әрбір сатып алынған заттың құнын анықта. Кесте бойынша есеп құрастырыңдар. Жолдастарыңнан оны шығаруды сұра. Бос орындарды толтыр және тексер.</p> <table border="1" data-bbox="483 689 957 996"> <tr> <td>9 теңгеден 5 дәптер</td> <td>45 тг</td> </tr> <tr> <td>8 теңгеден 3 хатқалта</td> <td>24 тг</td> </tr> <tr> <td>7 теңгеден 4 дәптерқап</td> <td>28 тг</td> </tr> <tr> <td>8 теңгеден 4 бетбелгі</td> <td>32 тг</td> </tr> <tr> <td>8 теңгеден 2 ашықхат</td> <td>16 тг</td> </tr> <tr> <td>10 теңгеден 5 өшіргіш</td> <td>50 тг</td> </tr> </table> <p><b>2- тапсырма</b> Есепті құрастырып, шартын жазып, Шешуін жазып, сұраққа жауабын жазу.</p> <table border="1" data-bbox="483 1171 957 1456"> <thead> <tr> <th>Болды</th> <th>Сатып алынды</th> <th>Қалды</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>80 теңге</td> <td>  9 теңгеден                 </td> <td>? теңге</td> </tr> </tbody> </table> <p><b>Шарты:</b> Болды- 80 тг Сатып алды- 9 тг-ден 2 (д) Қалды-? тг <b>Шешуі:</b> <math>80 \text{ тг} - 9 \text{ тг} \times 2 = 62 \text{ тг}</math> <b>Жауабы:</b> қалды 62 теңге</p>	9 теңгеден 5 дәптер	45 тг	8 теңгеден 3 хатқалта	24 тг	7 теңгеден 4 дәптерқап	28 тг	8 теңгеден 4 бетбелгі	32 тг	8 теңгеден 2 ашықхат	16 тг	10 теңгеден 5 өшіргіш	50 тг	Болды	Сатып алынды	Қалды	80 теңге	 9 теңгеден	? теңге	Жаңа тақырыпты тәжірибе арқылы меңгеру	Бағалау критерийлерін ұсыну	Презентация № 3 бет
9 теңгеден 5 дәптер	45 тг																						
8 теңгеден 3 хатқалта	24 тг																						
7 теңгеден 4 дәптерқап	28 тг																						
8 теңгеден 4 бетбелгі	32 тг																						
8 теңгеден 2 ашықхат	16 тг																						
10 теңгеден 5 өшіргіш	50 тг																						
Болды	Сатып алынды	Қалды																					
80 теңге	 9 теңгеден	? теңге																					
					Презентация №																		

		<table border="1"> <tr> <th>Болды</th> <th>Сатып алынды</th> <th>Қалды</th> </tr> <tr> <td>70 теңге</td> <td>                       3 теңгеден                 </td> <td>? теңге</td> </tr> </table> <p><b>Шарты</b>                      Болды- 70 тг                      Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ)                      Қалды-? тг  <b>Шешуі:</b> <math>70 \text{ тг} - 3 \text{ тг} \times 4 = 58 \text{ тг}</math>  <b>Жауабы:</b> қалды 58 теңге</p> <p><i>Кері есеп құрастырып көрейік!</i>  <b>Кері есеп</b></p> <table border="1"> <tr> <th>Болды</th> <th>Сатып алынды</th> <th>Қалды</th> </tr> <tr> <td>? теңге</td> <td>                       3 теңгеден                 </td> <td>58 теңге</td> </tr> </table> <p>Болды- ? тг                      Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ)                      Қалды-58 тг  <b>Шешуі:</b> <math>3 \text{ тг} \times 4 + 58 \text{ тг} = 70 \text{ тг}</math>  <b>Жауабы:</b> болды 70 теңге</p> <p><b>Дескриптор:</b>                      Есептеудің ауызша және жазбаша тәсілдерін пайдалана отырып, қосу және азайту амалдарын орындау біліктері, безендіру, түсініктеме беру, дәлелдеу, оқу тапсырмаларын шешуде болжамдар айту</p>	Болды	Сатып алынды	Қалды	70 теңге	 3 теңгеден	? теңге	Болды	Сатып алынды	Қалды	? теңге	 3 теңгеден	58 теңге		4бет
Болды	Сатып алынды	Қалды														
70 теңге	 3 теңгеден	? теңге														
Болды	Сатып алынды	Қалды														
? теңге	 3 теңгеден	58 теңге														





		<p><b>3) Торт, пирожное, «Чупа Чупс» және батон кәмпит.</b> Иә Жоқ</p> <p><b>4) Йогурт, батон кәмпит және шырын.</b> Иә Жоқ</p> <p><b>5) Йогурт, шоколад, шырын және торт.</b> Иә Жоқ</p> <p><b>6) Йогурт, батон кәмпит, шырын және «Чупа Чупс»</b> Иә Жоқ</p>		алатын нұсқаны дұрыс белгіледім.	
2 минут	Кері байланыс	"Ауа райы" әдісі	Бүгінгі сабаққа кері байланыс орнату		

№ G00062 26.10.2021 ж

## Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік элементтерін қолдану

**ТЕМИРЖАНОВА МАЙДАШ КАИРЖАНОВНА**

*Павлодар облысы "Ақсу қаласы №7 орта мектебі" КММ.*

*Қазақ тілі пәні мұғалімі*

Қазақ тілін орыс сыныптарындағы оқушыларға меңгерту басты мәселесі екендігі жалпы баршамызға белгілі. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың мақсаттары-оқушыларды дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастырып, мемлекеттік тілді әр түрлі жаңа технологиялар арқылы игерту. Мұғалімінің негізгі міндеті - қазақ тілі сабақтарын мазмұны мен форма жағынан қызықты, тиімді өткізу.

Жас ұрпаққа сапалы білім беру, мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан қазақ тілін үйретудегі бастапқы мақсат – коммуникативтік бағытта оқыту деп санаймын. Осының бәрі оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді, оқушы үшін өз ойын жеткізуде қажетті құрал болып табылады.

Коммуникативтік әдіс – оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі.

Коммуникативтік оқыту тілдік әрекетінің барлық түрінде қалыптасады- таңдауда да, сөйлеуде де, оқығанда да, жазғанда да, өйткені ол оның іске асуын қамтамасыз етеді.

Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған. Олар: сөйлеу, оқу, жазу, түсіну.

Коммуникативтік оқыту: оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу – ауызша өзара қатынас, жазбаша өзара қатынас біркелкі, бір уақытта дамиды.

Коммуникативтік оқытудың сөйлеу әрекетінің барлық төрт түрінде де қажеттілікпен қатысып тұрғаны дұрыс. Өйткені ол ауызша да, жазбаша да қарым – қатынас жасаушылардың бір – бірін тілдік қабылдауы мен түсінігін қамтамасыз етеді.

Тілдерді үйрету әдісі үнемі заман талабы, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады, бір орында тұрмайды, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыруды өмір талап етеді.

Қазақ тілі сабақтары тиімді өту мақсатында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолданамын. Соның бірі Е.И.Пассовтың коммуникативтік технологиясы. Осы технологияның негізгі қағидалары- тілге бағыттау, тілдің қызметі, ұжымдық өзара қимыл және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру. Технологияның мазмұны – оқу үдерісін күнделікті өмірдегі қарым-қатынасқа ұқсастыру, ал әдістемелік маңыздылығы екі фактормен түсіндіріледі. Бірінші фактор - тасымалдау жағдайы.

Ол оқыту жағдайының және оқытудың нәтижесін күнделікті өмірдегі жағдайларға ұқсастығын қамтамасыз ету. Екінші фактор – оқуға ынталандыру жағдайы. Ол тіл үйренуге деген ынта және оқушының заман талабына сай өзгетілді үйренуі. Оқушылардың тіл үйренуге деген ынтасы мұғалімнің қарым-қатынасты ұйымдастыруына байланысты.

Тілдік қарым-қатынас ол оқушының іскерлігі, еркі және мұғалімнің оқушыны сөзге тартудағы белсенділігі. Оқушымен мұғалім арасындағы тілдік қатынас болу үшін мақсат, тақырып және сөйлеген жағдайда күнделікті өмірдегі қарым-қатынасқа ұқсас болуы керек. Осы факторлар арқылы оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын тексеру үшін әр түрлі белсенді тапсырмаларды енгізген жөн. Тапсырмаларды берген соң оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын тексеру және бақылау жолдарын қарастыру.

Пәннің мазмұны, дидактикалық элементтерінің жүйесі құрамында сөйлеу, оны тыңдау, сөйлем құрастыру, аудару, оқу, жазу болу керек.

Сабақта техникалық оқыту құралдары, дидактикалық материалдар, слайдтар, флипчарттар, суреттер және сабақтың әр түрлері, оқыту тәсілдері, сонымен қатар, оқушылардың өзіндік өзгешеліктерін ескеріп отыру.

Тілдің қызметі, сөйлесу қағидасы - оқушыларды жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, грамматикалық ережелерді дұрыс қолдануға үйрету. Технологияның элементтерін қолдана отырып, оқушы бойына тіл заңдылықтарын сіңіріп, қолдана білу, ауызекі сөйлеу, мәнерлеп оқу, логикалық ойлау қабілеттерін, сауатты жазу дағдысын тиімді меңгеруді талап етемін.

Коммуникативтік технологияның элементтері оқушыларды бірден әлеуметтік жағдайлар арқылы сөйлеуге үйретуге мүмкіндік береді.

Мұның бәрі оқушылардың тілдік белсенділігін арттырудың негізі болады, сынып алдында өздерін еркін ұстауға көмектесетіндігін дәлелдейді. Сондықтан технологияны қолданудағы мақсат–нәтижелі пайдалану.

Бұл технология элементтерін енгізу үшін қолайлы жағдай жасау, жеке оқушымен жұмыс істеу. Оқу процесінің негізінде бұл технология элементтерін пайдаланып, сабақта оқушылардың білімділігін, іскерлігін, адамгершілік, эстетикалық, патриоттық сезімін дамыту.

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың бір жолын тіл дамыту жұмыстары арқылы іске асыруға болады.

Бір сөзбен салыстыру, жинақтау, талдау, нақтылау, жүйелеу байланыс ерекшеліктерімен осы технология элементтерін пайдалану арқылы топпен, жеке, жұппен істеу арқылы жетістіктерге жетеміз. Осы жетістіктерді сабақтарда және сыныптан тыс шаралардан көруге болады. Бүгінгі күнде біздің қоғамымызға адамдармен еркін сөйлесіп, тіл табыса алатын коммуникативті адамдар керек.

Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді.

Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі жауаптасу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады.

Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр.

Аталған мәселені өзіміздің тәжірибемізге жүгіне отырып шешкіміз келеді. Әр баланың аз болсын, көп болсын өмірлік тәжірибесі болады. Баланың тамырын басып, сол тәжірибелерін анықтап, өмірдегі білімдерін туған жерін сүйіп, сыйлауға баулыса, меніңше әр оқушы іркіліп қалмайды. Қоршаған орта, әсемдік, туған жер туралы тек қана жағрапия сабағында емес, басқа сабақтарда да үнемі айта беру керек, тақырыпқа байланысты бір-екі сабақты табиғат аясында өткізсе тіпті тамаша болмай ма?

Туған жерінің табиғатының көркемдігін көре біліп, сол сұлулыққа табына білмеген, әсемдікті қорғай білмеген балаға айналадағы осынау кереметті көрсетіп, күштеп емес, жүрегіне жеткізе білетін біз, мұғалімдер меңзеуші болуымыз керек. Пән мұғалімдері арасында да үнемі үзілмес байланыс болуы керек дейміз.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – елімізді мекендеген өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді игеруі. Бұл іс біріншіден, әлеуметтік сұранысқа негізделген мемлекеттік қажеттілікті нысана еткен жағдайда, екіншіден, бүгінгі оқыту

жүйесіндегі қазақ тілінен берілетін білім нәтиже берген жағдайда ғана алға басады.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты, базистік оқу жоспары, тілді оқыту тұжырымдамасы және мемлекеттік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

Өзге тілді мектептердегі қазақ тілі мемлекеттік білім стандарттарына сай жалпы білім беретін мектептің үш сатысында да міндетті пән деп саналады. Коммуникативтік әдіс – оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатыны, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілдік қарым – қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі. Ойлау – сөйлеуді керек ететін кез келген жағдайда үш компонент өзара байланысады: шешілетін мәселе, бар білімдері, зерттеу әрекеттері.

Коммуникативтік оқыту тілдік әрекетінің барлық түрінде қалыптасады – тыңдауда да, сөйлеуде де, оқығанда да, жазғанда да, өйткені ол оның іске асуын қамтамасыз етеді.

Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған. Олар: сөйлеу, оқу жазу, түсіну.

Коммуникативтік оқыту: оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу – ауызша өзара қатынас, жазбаша өзара қатынас біркелкі, бір уақытта дамиды.

Жоғарыда айтылғандай коммуникативтік оқытудың сөйлеу әрекетінің барлық түрінде де қажеттілікпен қатысып тұрғаны көрінеді. Өйткені ол ауызша да, жазбаша да қарым-қатынас жасаушылардың бір-бірін тілдік қабылдауы мен түсінгін қамтамасыз етеді.

Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың басты мақсаттары – оқушылардың дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастырып, мемлекеттік тілді әр түрлі жаңа технологиялар арқылы игерту.

Қазақ тілі мұғалімінің негізгі міндеті – қазақ тілі сабақтарын мазмұны мен форма жағынан қызықты, тиімді өткізу.

Қазақ тілі сабақтары тиімді өту мақсатында тәжірибемде коммуникативтік оқытуды технологиясын қолданамын. Ең біріншіден, жаңа білім стандарттарына сай, мынадай талаптарға сүйеніп жұмыс істеуге болады: сөйлемдерді қолданып сұхбат жүргізу

- мектепте және өзін қоршаған ортаны танып білу
- оқушыларды қазақ тілінде сөйлеуге үйрету
- синтаксисітік сөйлемдерді құрастыра білу

Бұлардың барлығын іс жүзінде қолдану үшін әр түрлі сабақ түрлерін өткізген дұрыс.

Сонда ғана нәтиже жақсы болады. Сабаққа дайындалған уақытта формаларды (ұжымдық, топтық т.б.) іріктеп алу қажет. Бұл формалар арқылы оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын тексеру үшін түрлі белсенді тапсырмалар енгізу қажет. Менің ойымша, пәннің мазмұны, яғни сабақтың дидактикалық элементтерінің жүйесі: сөйлеуден, оны тыңдаудан, сөйлем құраудан, аударудан, оқудан, жазудан құралу керек.

Тіл материалдары (фонетика, лексика, грамматика). Осы материал үш бағытқа бөлінеді:

Лексикалық бағыт – айтылуын меңгеріп, мағынасын өмірде кездесетін жағдайлар арқылы тілді тез игеру.

Фонетикалық бағыт – дыбыстың айтылуы мен жазылуын меңгеру.

Әр сыныбымда қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталап, сипаттап, сол әріп бар сөздерді қайталап, әр сабақта бір дыбысқа тиянақтап тоқталамын.

Грамматикалық бағыт – жас ерекшелігіне сай сурет бойынша жұмыс, мазмұнын айту, сөйлем құрастыру. Осы үш материал 1-11 сынып оқушыларының арасында, жас ерекшеліктерін ескеріп және жеңілден ауырға принципі бойынша жүзеге асады. Мен осы технологияны 6,7 сыныптарда қолданамын. Әр жаңа тақырып бойынша мәтінді меңгеру кезінде балалар топқа бөлініп, әрбіріне бес міндет беріледі:

Мәнерлеп оқу. Түсіну. Сұрақтар қою немесе диалог құрастыру. Сызба арқылы өз ойларын айтып беру. Грамматика.

Ойымызды қорыта келсек, коммуникативтік оқыту арқылы оқушылардың танымдылық қабілеттері, танымдық үрдістері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады.

Бұның бәрі дамығаннан кейін оқушының қиялы мен ойлауы, есі мен қабылдауы, зейіні дамып қалыптасады. Танымдық қабілеттер, танымдық үрдістер әрбір технология барысында дамиды. Ал қажеттелікті қанағаттандыру әр түрлі әлеуметтік жағдайларда бағыт-бағдарды жоғалтпау, адамдардың эмоционалдық жағдайлары мен жеке тұлғаның ерекшеліктерін анықтау, олармен қарым-қатынастың теңбе-тең түрлерін таңдау, өзара іс-әрекет үрдісінде сол түрлерін іске асыру, зейіндерін қадағалау және айқындау, көпшілік алдындағы жағдайларда іс-қимылын білу, өзіне зейін аударту, психологиялық қатынас орнату, сөйлеу мәдениеті дамиды.

Ал сөздік қорының дамуы мәтінмен жұмыс істегенде, белгілі бір мәселені шешкенде дамиды. Осы технологияны қазақ тілі сабақтарында қолдану көптеген жетістіктерге әкеледі.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1. Б.А. Әлмұхамбетова, М.А.Ғалымжанова «Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолданылуы»
- 2. Б.А. Әрінова. Озық технологияларды қолданудың коммуникативтік компетенция қалыптастырудағы орны. «Қазақ тілі Қазақстан мектебінде», 2008, № 1.
- 3. З.Ш. Ерназарова Саналы коммуникативті оқыту әдісі. «Қазақ тілі: әдістеме» 2007, № 4.
- 4. Г.С.Қасбаева Мемлекеттік тілді коммуникативтік бағытта оқыту жолдары «Қазақ тілі Қазақстан мектебінде» 2008, № 5.
- 5. Н.Т.Қазбекова Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану. «12 жылдық білім» 2006, №1.
- 6.Қазақ тілі мен әдебиеті журналы 2009,№2
- 7.Қазақ тілі мен әдебиеті журналы 2012,№4
- 8.Педагогикалық альманах журналы 2009, №3
- 9.12 жылдық білім журналы 2006, №1



№ G00063 26.10.2021 ж

## **Современные требования к учителю начальных классов в условиях реализации «Профессионального стандарта педагога»**

**БИСЕНБАЕВА ЭЛЬМИРА БИСЕНБАЕВНА**

*Мангистауская область Город Актау*

*Международная школа " Eton Hous " Учитель начальных классов*

Профессиональный стандарт педагога отражает структуру его профессиональной деятельности: обучение, воспитание и развитие ребенка. В соответствии со стратегией современного образования в меняющемся мире, он существенно наполняется психологопедагогическими компетенциями, призванными помочь учителю в решении новых стоящих перед ним проблем. В профстандарте педагога представлены требования к педагогу начальных классов, так как его работа в начальной школе имеет определенную специфику. Согласно профстандарту педагога учитель начальной школы должен осуществлять следующие трудовые функции: - Проектирование образовательного процесса на основе начального общего образования с учетом особенностей социальной ситуации развития первоклассника в связи с переходом ведущей деятельности от игровой к учебной. - Формирование у детей социальной позиции обучающихся на всем протяжении обучения в начальной школе. - Объективная оценка успехов и возможностей обучающихся с учетом неравномерности индивидуального психического развития детей младшего школьного возраста, а также своеобразия динамики развития учебной деятельности мальчиков и девочек. - Организация учебного процесса с учетом своеобразия социальной ситуации развития первоклассника. - Корректировка учебной деятельности, исходя из данных мониторинга образовательных результатов с учетом неравномерности индивидуального психического развития детей младшего школьного возраста (в том числе в силу различий в возрасте, условий дошкольного обучения и воспитания), а также своеобразия динамики развития мальчиков и девочек. - Проведение в четвертом классе начальной школы (во взаимодействии с психологом) мероприятий по профилактике возможных трудностей адаптации детей к учебно-воспитательному процессу в основной школе. Иметь необходимые умения: · Реагировать на непосредственные по форме обращения детей к учителю и распознавать за ними серьезные личные проблемы. · Ставить различные виды учебных задач (учебно-познавательных, учебно-практических, учебно-игровых) и организовывать их решение (в индивидуальной или групповой форме) в соответствии с уровнем познавательного и личностного развития детей младшего возраста, сохраняя при этом баланс предметной и

метапредметной составляющей их содержания. · Во взаимодействии с родителями (законными представителями), другими педагогическими работниками и психологами проектировать и корректировать индивидуальную образовательную траекторию обучающегося в соответствии с задачами достижения всех видов образовательных результатов (предметных, метапредметных и личностных), выходящими за рамки программы начального общего образования. Знать: · основные и актуальные для современной системы образования теории обучения, воспитания и развития детей младшего школьного возраста; · Содержание примерных основных образовательных программ; · дидактические основы, используемые в учебно-воспитательном процессе образовательных технологий; · заложенных в содержании используемых в начальной школе учебных задач, обобщенных способов деятельности и системы знаний о природе, обществе, человеке, технологиях; · особенности региональных условий, в которых реализуется используемая основная образовательная программа начального общего образования. Профессиональный стандарт учителя дополнен новыми компетенциями, одна из которых - это преподавание русского языка учащимся, для которых он не является родным. Этот вопрос не новый для наших педагогов, так как мы живем в условиях многонациональной стране. И нам предстоит создать условия для адаптации и интеграции этих детей, осуществить индивидуальный подход в выборе форм, методов обучения и форм получения образования, создать условия для устранения пробелов знаний. С чего же начать школьному учителю, как создать комфортные условия учащимся, чтобы они овладели русским языком? Прежде всего, для успешного обучения необходимо: - определить уровень владения языком; - создать в классе комфортные условия; - найти индивидуальный подход к каждому учащемуся: - сформировать у учащихся интерес к изучению языка и положительную мотивацию. У детей-мигрантов есть одна особенность, которую необходимо обязательно учитывать учителю: закономерности русского языка они воспринимают через призму родного и переносят явления родного языка в русскую речь, что часто и приводит к ошибкам. Такой перенос называется интерференцией. Задача учителя - преодолеть влияние родного языка, предупредить интерференционные ошибки в русской речи. Но для этого самому учителю надо "видеть" языковой материал глазами нерусского ребенка. В нашей школе на 1 ступени обучения обучается 272 учащихся из них 63 учащихся – это дети мигрантов, что составляет 24% обучающихся в начальной школе. Мы ставим перед собой цель: - создать условий для «мягкого» включения детей в процесс обучения, - скорректировать имеющиеся и сформировать новые знания в области русского языка, а также учить видам речевой деятельности (аудированию, чтению, говорению, письму), снятие интерференции в речи. При этом ставим следующие задачи: · приучать слух детей к звукам, словам русской

речи; · создавать у детей запас наиболее употребительных русских слов, вырабатывать умение пользоваться этим минимумом в разговорной речи; · научить строить элементарные фразы на русском языке, употреблять слова в правильной грамматической форме. Выделяем 3 уровня владения русским языком: средний, слабый, нулевой. Средний уровень: дети допускают ошибки в ударении и интонационном оформлении, присутствует акцент, лексическая и грамматическая интерференция. Учащиеся могут ответить на поставленный вопрос. Слабый уровень: с трудом понимают русскую речь, говорят только на определенные темы (о себе, семье, магазин, транспорт), лексический запас их ограничен, присутствует сильный акцент, мешающий нормальному общению с учителем и другими учениками, сильная лексическая и грамматическая интерференция из-за влияния родного языка, замедленный темп речи. Нулевой уровень: вообще не говорят по-русски, не понимают слов учителя. С такими учащимися мы общаемся с помощью мимики и жестов. С первых дней обучения в школе учителя стараются пробудить интерес к русскому языку, вырабатывают чутье к языку, психологически готовим к дальнейшей работе. Работа в классе на уроке – вначале – коллективная. Достоинство этой формы состоит в том, что она значительно увеличивает объем речевой деятельности на уроках: ведь хоровые ответы помогают преодолевать боязнь допустить ошибку, а это самое главное в работе с такими учениками. Они помогут создать у детей запас наиболее употребительных русских слов и фраз для использования их в разговорной речи. Садим детей за парты: русский – не русский. Работа в парах помогает исправлять речевые ошибки путем составления диалога по заданной теме, ребята оказывают друг другу помощь, индивидуальная работа – выработка фонематического слуха, работа по цепочке- используем при отработке техники чтения, составление рассказов, пересказы. Немаловажная работа проводится и во внеклассной работе

## Білім мазмұнын жаңарту аясында математика пәнін оқыту

### ҚАНАЛИЕВА ГҮЛСЕЗІМ ҚУАНЫШБАЙҚЫЗЫ

*Ақтөбе қаласы, "Благодар орта мектебі" КММ.*

*Математика пәні мұғалімі*

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

***Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.***

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз ең алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік. Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарына тоқтала кетейік.

Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері.

5 сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

5 сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.
2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.
4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Тоқсандық бақылау, өздік 5-10 минуттық бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. Себебі қандай нәрсені болса да қабылдағанда сезім мүшелеріміз неғұрлым көбірек қатынасса зат және құбылыс жөніндегі қабылданбаған ұғым, түсінік есіңізге соғұрлым берік, тиянақты есте сақталады.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады. Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа

қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы. Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс .

№ G00059 25.10.2021 ж

## Жаңартылған білім мазмұны - заман талабы

### НАРБЕК БАЛЖАН ПОЛАТБЕКҚЫЗЫ

*Нұр-Сұлтан қаласы №51 мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керке» - деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты-білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңартылған білім беру бағдарламасы – озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деп баяндалды.

Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз дей келе, Елбасымыз «функционалдық сауаттылықты арттыруды» негізгі тапсырма етіп жүктейді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің бірінші кезекте жалпы білім беруді көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі.



Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналууда.

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті талап етеді. Функционалдық сауаттылықты меңгерген оқушы білімді өз бетімен игеріп, өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарайды.

Әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігі ұлғаяды. Құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасайды. Белсенді түрде білім жинақтайды. Осының бәріне мұғалім көшбасшылық етіп, бағыт-бағдар беріп отырады.

Оқушы оқу үдерісіне мұғаліммен бірге араласып отырады. Тіпті өзінің және сыныптас достарының білімін бағалауда да өз үлесін қоса алады. Ол үшін бағалау критерийлеріне сүйене отырып, топпен, жұппен немесе жеке жауап берген балалардың еңбегін формативті бағалау оқушының әрі қарай ынталанып оқуы үшін үлкен ықпал етеді.

Мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын бағдарламаның жеті модулі: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; сыни тұрғыдан ойлауға үйреті; оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау; оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу; оқытудағы басқару және көшбасшылық болып келеді.

Сондықтан бүгінгі өскелең ұрпақтың үлкен өмірге білек сыбанып, белсене араласа алатын қабілетін көтеріп, танып білу заман талабы. Олай болса оқушы бойына адамгершіліктің асыл қасиетін сіңіру, сапалы білім беріп, оның болашағын, жеке басын сыйлау біздің бірінші міндетіміз.

## МАЗМҰНЫ

- *КАСЫМОВА АРДАК ТАЛГАТБЕКОВНА*
- *ЛЕПЕС АЛМАГУЛ АБДУЛЛАКЫЗЫ*
- *ӘБІШ ГҮЛНҰР БЕРІКЖАНҚЫЗЫ*
- *БЕКЕНОВА ЗАМЗАГУЛ НИКОЛАЕВНА*
- *КАМАЛОВА ЗАГИРА УРЕСТЕМОВНА*
- *ҚАСЕНОВА МАРЖАБИКЕ САЛИҚАҚЫЗЫ*
- *ЕРБОЛ АЙБОЛАТ*
- *ЖАКИЕВА МАРЬЯННА МАКСУТОВНА*
- *ТЕМИРЖАНОВА МАЙДАШ КАИРЖАНОВНА*
- *БИСЕНБАЕВА ЭЛЬМИРА БИСЕНБАЕВНА*
- *ҚАНАЛИЕВА ГҮЛСЕЗІМ ҚУАНЫШБАЙҚЫЗЫ*
- *НАРБЕК БАЛЖАН ПОЛАТБЕКҚЫЗЫ*